ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1271979 сатып алу бойынша
Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен

Лот № 1 (71 У, 4585307) Нормативтік құқықтық актілердің/нұсқаулықтардың/тәртіптердің талаптарын және ұқсас талаптарды сақтауға тексерістерді бақылау/жүзеге асыру бойынша қызметтер

Тапсырыс беруші: "КАЗАХТУРКМУНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Ұйымдастырушы: "КАЗАХТУРКМУНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестік

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	71 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Нормативтік құқықтық актілердің/нұсқаулықтардың/тәртіптердің талаптарын және ұқсас талаптарды сақтауға тексерістерді бақылау/жүзеге асыру бойынша қызметтер, Нормативтік құқықтық актілер /нұсқаулықтар/тәртіптер және балама талаптар шарттарының сақталуын тексеруді бақылау/жүзеге асыру бойынша қызметтер
Қосымша сипаттама	МГӨЦ №2 -комендanттар қызметі
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, ЦДНГ - 2
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2027 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

«Қазахтүркмұнай» ЖШС №2 МГӨЦ кен орындарындағы вахталық кенттерде мүлікті пайдалану, тамақтануды ұйымдастыру және сервистік қызмет көрсету кезінде нормативтік құқықтық актілердің, нұсқаулықтардың, тәртіптердің және соған ұқсас талаптардың сақталуын бақылау/тексеруді жүзеге асыру қызметтерін көрсетуге арналған

1. СИПАТТАМА ЖӘНЕ ҚАЖЕТТІ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ, ТЕХНИКАЛЫҚ, САПАЛЫҚ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ СИПАТТАМАЛАРЫ

«Қазахтүркмұнай» ЖШС №2 МГӨЦ кен орындарында мүлікті пайдалану, тамақтануды ұйымдастыру және сервистік қызмет көрсету кезінде нормативтік құқықтық актілердің,

нұсқаулықтардың, тәртіптердің және ұқсас талаптардың сақталуын бақылау/тексеру қызметтері.

2. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРНЫ

Тапсырыс берушінің Ақтөбе облысындағы мұнай-газ кен орындары.

№2 МГӨЦ:

• Ақтөбе облысы Байғанин ауданы аумағында, Ақтөбе қаласынан 380 км қашықтықта орналасқан «Оңтүстік Қаратөбе» кен орнындағы инфрақұрылымы бар вахталық кент;
• Ақтөбе облысы Байғанин ауданы аумағында, Ақтөбе қаласынан 360 км қашықтықта орналасқан «Лақтыбай» кен орнындағы инфрақұрылымы бар вахталық кент;

Аталған кен орындары Қазақстанның батысында орналасқан. Бұл аймақтар шалғай, көлік және байланыс инфрақұрылымы әлсіз дамыған. Орташа жылдық температура -40˚С-тан +40˚С-қа дейін ауытқиды.

3. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

3.1. Орындаушы Тапсырыс берушінің әрбір вахтасында (1 вахта = 15 күн) осы Техникалық ерекшелік шеңберінде № 2 ЦДНГ кен орындарында бақылауды/тексеруді жүзеге асыратын кемінде 2 (екі) материалдық жауапты адамның (бұдан әрі - Комендант) болуын қамтамасыз етеді.

3.2. Орындаушы өз қызметінде: Қазақстан Республикасының Заңнамасын, Тапсырыс берушінің Ішкі құжаттарын және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның басқа да актілерін, Санитариялық-техникалық жабдықтар мен құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ олардың мақсаты мен құрылысы қағидаларын басшылыққа алады.

3.3. Орындаушы Комендант (материалдық жауапты адам) лауазымына тиісті дағдысы бар адамды тағайындайды. Комендантты Орындаушы басшысы қол қойған және мөрмен куәландырылған бұйрық негізінде Орындаушы тағайындайды.

3.4. Комендант уақытша болмаған жағдайда оның лауазымдық міндеттерін Орындаушы басшысының бұйрығы негізінде белгіленген тәртіппен міндеттерін атқару жүктелетін Орындаушының басқа қызметкері орындайды.

4. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ НЕГІЗГІ ТІЗБЕСІ

4.1. Негізгі қызметтерді көрсету кезінде Орындаушы/Комендант қызмет көрсету орнындағы (осы Техникалық сипаттаманың 2-тармағы) қызметтік, тұрмыстық және тұрғын үй-жайларды күтіп ұстауға қатысты жоғары тұрған және басқа органдардың қаулыларын, өкімдерін, бұйрықтарын, өзге де басшылық және нормативтік құжаттарын, сондай-ақ еңбек қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі қағидалары мен нормаларын басшылыққа алады.
4.2. Негізгі қызметтер тізбесі келесі қызметтерді көрсету үшін еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуді, бақылауды және ұйымдастыруды қамтиды:

1) Шарт шеңберінде есептілік ресімдей отырып, Тапсырыс берушінің вахталық кенттері мен өндірістік объектілеріндегі мүлікті дұрыс пайдалану және сақталуын бақылау /қадағалау және ұйымдастыру;

2) Шарт шеңберінде есептілік ресімдей отырып, Тапсырыс берушінің вахталық кенттері мен өндірістік объектілерінде тамақтануды және сервистік қызмет көрсетуді (тазалау, кір жуу, үй-жайлар мен аумақты күтіп ұстау) тиісті түрде ұйымдастыруды бақылау/қадағалау.

4.2.1. Вахталық кенттер мен өндірістік объектілердегі мүлікті дұрыс пайдалану мен сақталуын бақылау/қадағалау және ұйымдастыру, есептілік ресімдей отырып, мыналарды қамтиды:
• вахталық кенттер мен өндірістік объектілердің барлық ғимараттарында және іргелес аумақта тазалықтың сақталуын бақылау;
• Тапсырыс берушінің қызметтік, тұрмыстық және тұрғын үй-жайларын күзгі-қысқы кезеңге дайындауды ұйымдастыру;
• ғимараттардың ішкі және сыртқы бөліктерін (есіктер, терезелер, құлыптар, перделер, жиһаз, сантехника және т.б.) уақтылы жөндеуді бақылау және ұйымдастыру;
• Коменданттың қарауындағы мүліктің сақталуын және жарамды күйде ұсталуын бақылау;
• мүліктің есебін жүргізу, мерзімдік тексеру және есептен шығару актілерін дайындау;
• санитарлық және өрт қауіпсіздігі бақылау журналының жазбаларын жүргізу;
• осы Техникалық шарттар шеңберінде есептілікті рәсімдеу (10.3-т.).

4.2.2. Вахталық кенттерде тамақтануды тиісті ұйымдастыруды бақылау/қадағалау, есептілік ресімдей отырып, мыналарды қамтиды:
• тамақтандыру қызметін көрсетуші тарапынан техникалық тапсырма талаптарының, санитарлық талаптардың және өрт қауіпсіздігі қағидаларының сақталуын бақылау (Тапсырыс берушінің тиісті шарттарына сәйкес);
• ас блогының жұмысын бақылау;
• тамақ өнімдерімен қамтамасыз етудің шартқа сәйкестігін бақылау;
• ас блогын ас үй жабдықтарымен, жиһазбен және арнайы мүкәммалмен қамтамасыз етуді бақылау;
• осы Техникалық шарттар шеңберінде есептілікті рәсімдеу (10.3-т.).

Вахталық кенттер мен өндірістік объектілерде сервистік қызмет көрсетуді (тазалау, кір жуу, үй-жайлар мен аумақты күтіп ұстау) тиісті ұйымдастыруды бақылау/қадағалау, есептілік ресімдей отырып, мыналарды қамтиды:
• сервистік қызмет көрсетуші тарапынан техникалық тапсырма талаптарының, санитарлық талаптардың және өрт қауіпсіздігі қағидаларының сақталуын бақылау (Тапсырыс берушінің шарттарына сәйкес);
• үй-жайлар мен іргелес аумақтың санитарлық тазалығын бақылау;
• ғимараттарды (қызметтік, тұрмыстық, тұрғын) және оларға қатысты құрылыстар мен аумақты тиісті күйде ұстау жұмыстарын ұйымдастыру және бақылау;
• кір жуу қызметтерінің сапалы көрсетілуін бақылау;
• осы Техникалық шарттар шеңберінде есептілікті рәсімдеу (10.3-т.).

4.3. Тапсырыс берушінің вахталық кенттері Комендантты қызметіне қойылатын өзге талаптар:

Комендант:
• өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша есептер мен ақпаратты дайындауға және ұсынуға жауап береді;
• Тапсырыс берушінің еңбек тәртібі қағидаларын сақтайды;
• Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және нормативтік актілеріне сәйкес еңбек қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу және азаматтық қорғаныс талаптарын орындайды;
• Әкімшілік-шаруашылық бөлімінің басшысы мен Тапсырыс беруші басшылығының өз құзыретіне кіретін өзге тапсырмаларын орындайды;
• мемлекеттік органдардың және басқа ұйымдардың сұраулары бойынша құжаттар мен ақпарат дайындайды;
• өз құзыреті шеңберінде ағымдағы жылға арналған ТРУ қажеттілігі туралы ақпаратты алдын ала дайындап, Тапсырыс берушіге ұсынуға, сондай-ақ оның сұрауы бойынша келесі жылға ұсынуға жауап береді.

5. ДЕНСАУЛЫҚТЫ, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

5.1. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының сақталуына, оның ішінде денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ДЕҚОҚ) нормаларына: санитарлық нормаларға, қауіпсіздік техникасы, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптарына ерекше назар аударады. Сондай-ақ, кен орындарын игерудің озық тәжірибесі тұрғысынан осы қызмет түріне қолданылатын халықаралық нормалар мен қағидалар да ескеріледі (Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті нормалар болмаған немесе толық болмаған жағдайда толықтыру ретінде). Осыған байланысты Тапсырыс беруші тартылатын орындаушыларға бірқатар талаптар қояды.

5.2. Орындаушы қызмет көрсету барысында Қазақстан Республикасының заңнамасына және шарт талаптарына сәйкес ДЕҚОҚ бойынша барлық тиісті талаптарды сақтауға және олардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

5.3. Орындаушы қызмет көрсету кезінде ДЕҚОҚ ұйымдастыру және бақылау үшін жауапты тұлғаны тағайындайды.

5.4. Орындаушы өз есебінен шарт шеңберінде Орындаушы персоналы үшін жұмыс ерекшелігіне сәйкес барлық қажетті оқытуды, оның ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік және ДЕҚОҚ бойынша оқытуды қамтамасыз етуге міндетті.

5.5. Орындаушы тартылатын персоналдың еңбек жағдайларына физикалық және психикалық денсаулығының сәйкестігін анықтау үшін медициналық тексеруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес қызмет көрсету үшін қажетті санитарлық, медициналық және өзге де рұқсаттарды алуды қамтамасыз етеді.

5.6. Орындаушы өз есебінен, қажет болған жағдайда, алғашқы медициналық көмек көрсетуге оқытылған жеткілікті білікті персоналмен және оны көрсетуге қажетті құралдармен қамтамасыз етуге міндетті.

5.7. Орындаушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы талаптарына сәйкес тартылатын персоналды арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқа да қажетті жеке қорғаныс құралдарымен (ЖҚҚ) өз есебінен қамтамасыз етуге тиіс.

5.8. Орындаушы өз қаражаты есебінен тартылатын персоналды жұмыс орнына дейін және кері қайтуын ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге, сондай-ақ жұмыс орындалатын бүкіл кезең ішінде оларды тамақтандыруға міндеттенеді. Аталған шығындар толықтай Орындаушының мойнына жүктеледі және Тапсырыс беруші тарапынан өтелмейді.

5.9. Орындаушы еңбекке қабілеттілікті жоғалтуға әкеп соққан өндірістік жарақаттану жағдайлары туралы, сондай-ақ қызмет көрсету барысында орын алған өзге де оқиғалар мен инциденттер туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге және есеп беруге міндетті. Тапсырыс беруші қосымша түсіндірмелер беруді және осындай жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін шаралар қабылдауды талап етуге құқылы.

5.10. Тапсырыс беруші осы шарт шеңберінде Орындаушы жүзеге асыратын қызметке қатысты ДЕҚОҚ саласында тексерулер ұйымдастыруға және жүргізуге құқылы. Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші тексерудің себебі мен мәнін қысқаша көрсете отырып, жазбаша хабарлама дайындайды және оны жоспарланған тексеру күніне дейін 1 (бір) күнтізбелік күн бұрын Орындаушыға жолдайды. Тапсырыс беруші тарапынан ДЕҚОҚ саласында Орындаушы қызметіне қатысты нұсқамалар берілген жағдайда, Орындаушы оларды тиісті түрде және белгіленген мерзімде жоюға міндетті.

6. ҚҰЖАТТАМА

6.1. Орындаушы басшысының Шарт бойынша жұмыстарды үйлестіру мақсатында Орындаушының бас кеңсесінде жауапты өкілді тағайындау туралы бұйрығы, Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша оның объектілеріне бару мүмкіндігімен.

6.2. Орындаушы басшысының осы Техникалық сипаттама шеңберінде №2 МГӨЦ-тің екі вахталық кентінде бақылау/тексерулер жүргізетін материалдық жауапты тұлғаларды тағайындау және олардың лауазымдық міндеттері туралы бұйрығы.

6.3. Шарт бойынша қызмет көрсетуге тартылған Орындаушы персоналының «Қазахтүркмұнай» ЖШС кен орындарының өндірістік объектілері мен тұрғын кешендеріндегі қолданыстағы Ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен (Шартқа №15 қосымша)

танысу парағы (бұдан әрі – Қағидалар).

Танысу парағы Қағидалардың соңғы бетінің сыртқы жағына рәсімделеді: Т.А.Ә., Шартқа сәйкес функционалдық міндеттері, қолы, танысқан күні.

7. ОРЫНДАУШЫ ПЕРСОНАЛЫ

7.1. Орындаушы Шарт бойынша қызметтерді сапалы және уақтылы көрсету үшін жеткілікті білікті персоналдың тұрақты болуын қамтамасыз етуге міндетті.

• Шарт бойынша қызмет көрсетуге тартылған барлық персонал Орындаушы басшысының бұйрығымен тағайындалады.

• №2 МГӨЦ бойынша күн сайын талап етілетін персонал саны: 1 (бір) вахтаға О. Қаратөбе және Лақтыбай кен орындарында 2 (екі) Комендант.

• Тапсырыс беруші келесі құқықтарға ие: Орындаушы тартатын персоналмен әңгімелесу жүргізу, оларды бекіту немесе Шарт талаптарына сәйкес келмеген жағдайда бас тарту.

7.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы қызмет көрсетуге қатысатын кез келген қызметкерін ауыстыруға міндетті, егер ол:

• өз міндеттерін орындау кезінде біліксіздік немесе салғырттық танытса;

• Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін әрекеттерге қатысса;

• еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтамаса.

Мұндай қызметкер Тапсырыс беруші тарапынан жасалған және қол қойылған тиісті акт негізінде бір ескерту алғаннан кейін жарамсыз деп танылады. Бұл ретте жұмыстан босатылған қызметкерді кен орнынан шұғыл әкету жауапкершілігі Орындаушыға жүктеледі.

7.3. Комендант ауырған жағдайда Орындаушы оны ауру кезеңінің толық мерзіміне ауыстыруды қамтамасыз етеді.

7.4. «Қазахтүркмұнай» ЖШС кен орындарының өндірістік объектілері мен тұрғын кешендеріндегі ішкі тәртіп қағидалары Орындаушының барлық қызметкерлері тарапынан сақталуы тиіс.

7.5. Алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде болған қызметкерлерді қызмет көрсетуге жіберуге жол берілмейді.

7.6. Қызмет көрсету орындарында алкогольдік ішімдіктер мен есірткі заттарын пайдалануға тыйым салынады (алғашқы медициналық көмек көрсету үшін тіркелген дәрілік заттарды қоспағанда).

8. ОРЫНДАУШЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ

8.1. Орындаушы осы Техникалық сипаттамада жазылған қызметтерді тиісті түрде ұйымдастыру үшін өз персоналын қажетті материалдық-техникалық құралдармен толық

қамтамасыз етуге міндетті: жұмыс станциясы, кеңсе техникасы, кеңсе техникасына арналған шығыс материалдары (картридждер, қағаз және т.б.), кеңсе керек-жарақтары және т.б.

8.2. Жұмыс станциясы монитор, жүйелік блок, пернетақта, тінтуір және желілік сүзгімен қамтамасыз етілуі тиіс. Жұмыс станциясында келесі бағдарламалар орнатылуы қажет: ҚР-да сертификатталған операциялық жүйе және антивирустық бағдарламасы.

8.3. Орындаушының кеңсе техникасы – бұл басып шығару, сканерлеу және көшіру функцияларын қолдайтын көпфункционалды құрылғы болуы тиіс.

9. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

9.1. Шарт бойынша қызмет көрсетуге тартылған Орындаушының барлық персоналы қызмет көрсету орындарына жіберілмес бұрын «Қазахтүркмұнай» ЖШС кен орындарының өндірістік объектілері мен тұрғын кешендеріндегі қолданыстағы Ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен танысып, қол қоюға міндетті (Т.А.Ә., Шартқа сәйкес функционалдық міндеттері, қолы, танысқан күні).

9.2. Орындаушы персоналына еңбек қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі бойынша нұсқама жүргізу Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады және жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету Орындаушы есебінен жүргізіледі.

9.3. Егер оқу-жаттығулар қызмет көрсету орнында өткізілсе, өрт қауіпсіздігі, эвакуация және Тапсырыс берушінің басқа да оқу-жаттығуларына осы Шарт бойынша қызмет көрсетуге тартылған, жұмыс вахтасында жүрген Орындаушы қызметкерлері қатысуға тиіс.

9.4. Орындаушы персоналына медициналық көмек көрсету және медициналық эвакуациялау Орындаушы есебінен жүзеге асырылады.

9.5. Орындаушы өз персоналының еңбек режимін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

10. ҚЫЗМЕТ САПАСЫН БАҚЫЛАУ

10.1. Тапсырыс беруші кез келген уақытта, оның ішінде Орындаушыны алдын ала ескертпей-ақ, өз күшімен немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып, Орындаушының жұмыс режимін барынша бұзбай қызмет көрсету жағдайын тексеруге құқылы:
– қызмет көрсету барысы, сапасы және мерзімдері;
– Орындаушы персоналының біліктілігі;

– осы Техникалық сипаттамаға сәйкес талап етілетін құжаттаманың (6, 10.3-тармақтар) бар болуы.

10.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы кез келген тексеруді жүргізу барысында Тапсырыс берушіге физикалық және ақпараттық тұрғыда жәрдем көрсетуге міндетті.

10.3. Көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау үшін Орындаушы Тапсырыс берушінің объектілерінде келесі құжаттаманың болуын, дайындалуын және жүргізілуін қамтамасыз етуі тиіс:

№№	Атауы	Есептілікті ұсыну мерзімділігі
1	Тапсырыс берушінің вахталық кенттері ғимараттарында және іргелес аумақта бекітілген тазалау кестесіне сәйкес күнделікті санитарлық бақылау журналы.	күнделікті
2	Тамақтану блогының жұмысына күнделікті бақылау жүргізу журналы: ас блогының және қызмет көрсетуші персоналдың жалпы материалдық-техникалық және санитарлық жағдайын бақылау, дайын тағамдардың нақты ассортиментінің бекітілген мәзірге сәйкестігін тексеру.	күнделікті

3	Тапсырыс беруші кенттерінде су тұтыну (су бұру) есебін жүргізу журналы.	күнделікті
4	Вахталық кенттің барлық үй-жайларындағы мүліктің бар-жоғы бойынша есепке алу құжаттары.	вахтада 1 рет
5	Ғимараттардың ішкі және сыртқы бөліктерін (есіктер, терезелер, құлыптар, перделер, жиһаз, сантехника және т.б.) уақтылы жөндеуді ұйымдастыру бойынша ұсынымдармен бірге мүлікті апталық тексеру актілері.	Апта сайын
6	Мүлікті есептен шығару актілері.	қажеттілігіне қарай
7	Тапсырыс берушінің қызметтік, тұрмыстық және тұрғын үй-жайларын күзгі-қысқы кезеңге дайындау туралы есеп.	жылына 2 рет
8	Вахталық кенттердің жалпы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы бойынша тәуліктік есеп.	күнделікті

9	Вахталық кенттердегі қызметкерлердің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстармен бірге атқарылған жұмыстар туралы тоқсандық есеп.	тоқсан сайын

10.4. Осы Техникалық сипаттаманың 10.3-тармағында көрсетілген құжаттама Комендант пен ЦДНГ басшысы тарапынан қол қойылуы тиіс және қажет болған жағдайда белгіленген мерзімдерде Әкімшілік-шаруашылық бөлімінің басшысына электрондық және қағаз түрінде ұсынылуы тиіс.

10.5. Барлық жазбаша шағымдар мен наразылықтар комиссиялық тәртіпте қаралып, Тапсырыс беруші өкілдерінің (ЦДНГ басшылары және Әкімшілік-шаруашылық бөлімінің басшысы) және Орындаушының міндетті қатысуымен шешіледі.

10.6. Ағымдағы мәселелерді талқылау үшін Тапсырыс беруші мен Орындаушы өкілдерінің қатысуымен апта сайын далалық жиналыстар өткізіледі.

11. ӨЗГЕ ШАРТТАР

11.1. Қызмет көрсету мерзімі – 2027 жылғы «01» қаңтардан бастап 2027 жылғы «31» желтоқсанға дейін.

11.2. Орындаушы қызметінің өз персоналын жеткізуі, сондай-ақ Орындаушы персоналының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын (тамақтану, тұру) ұйымдастыру Орындаушының күшімен және өз есебінен жүзеге асырылады.

Қол қойған	Жанғалиев Азат Маратұлы
Қол қойылған күні	17.11.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1271979
способом Запрос ценовых предложений

Лот № 1 (71 У, 4585307) Услуги по контролю/осуществлению проверок на соблюдение требований нормативных правовых актов/инструкций/порядков и аналогичных требований

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "КАЗАХТУРКМУНАЙ"

Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "КАЗАХТУРКМУНАЙ"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	71 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги по контролю/осуществлению проверок на соблюдение требований нормативных правовых актов /инструкций/порядков и аналогичных требований, Услуги по контролю/осуществлению проверок на соблюдение требований нормативных правовых актов/инструкций/порядков и аналогичных требований
Дополнительная характеристика	Услуги комендантов на ЦДНГ-2
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Актюбинская область, Байганинский район, ЦДНГ - 2
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2027 (включительно)
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

на оказание услуг по контролю/осуществлению проверок на соблюдение требований нормативных правовых актов, инструкций, порядков и аналогичных требований при использовании имущества, организации питания и сервисного обслуживания на месторождениях ЦДНГ №2 ТОО «Казахтуркмунай»

1. ОПИСАНИЕ И ТРЕБУЕМЫЕ ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ, ТЕХНИЧЕСКИЕ, КАЧЕСТВЕННЫЕ И ЭКСПЛУАТАЦИОННЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

Услуги по контролю/осуществлению проверок на соблюдение требований нормативных правовых актов, инструкций, порядков и аналогичных требований при использовании имущества, организации питания и сервисного обслуживания на месторождениях ЦДНГ №2 ТОО «Казахтуркмунай» на территории Актюбинской области.

1. **МЕСТО ОКАЗАНИЯ УСЛУГ**

Нефтегазовые месторождения Заказчика в Актюбинской области.

ЦДНГ № 2:

•Вахтовый городок для проживания, с инфраструктурой, расположенный на месторождении «Южное Каратобе» на территории

Байганинского района Актюбинской области, 380 км от г. Актобе;

•Вахтовый городок для проживания, с инфраструктурой, расположенный на месторождении «Лактыбай» на территории

Байганинского района Актюбинской области, 360 км от г. Актобе.

Данные месторождения расположены в западном Казахстане. Эти районы являются отдаленными, со слабо развитой инфраструктурой транспорта и коммуникации. Среднегодовые температуры разнятся между -40˚С и +40˚С.

3. ОБЩИЕ СВЕДЕНИЯ

3.1. Исполнитель обеспечивает наличие не менее 2 (двух) материально-ответственных лиц (далее - Комендант) в каждой вахте Заказчика (1 вахта = 15 дней), осуществляющего контроль/проверки на месторождениях ЦДНГ № 2 в рамках настоящей Технической спецификации.

3.2. Исполнитель в своей деятельности руководствуется: Законодательством Республики Казахстан, Внутренними документами Заказчика и другими актами АО НК «КазМунайГаз» и АО «Самрук-Казына», Правилами эксплуатации санитарно-технического оборудования и приспособлений, а также их назначения и устройства.

3.3. Исполнитель назначает на должность Коменданта (материально-ответственного лица) лицо, имеющее соответствующие навыки. Комендант назначается Исполнителем на основании приказа, подписанного и заверенного печатью руководителя Исполнителя.

3.4. В случае временного отсутствия Коменданта его должностные обязанности выполняет другой работник Исполнителя, на которого возлагается исполнение обязанностей в установленном порядке, на основании приказа руководителя Исполнителя.

4. ОСНОВНОЙ ПЕРЕЧЕНЬ УСЛУГ

4.1. При оказании основного перечня услуг Исполнитель/Комендант руководствуется постановлениями, распоряжениями, приказами, другими руководящими и нормативными документами вышестоящих и других органов, касающихся содержания служебных, бытовых и жилых помещений на месте оказания услуг (п. 2 настоящей Технической спецификации), а также правилами и нормами по охране труда, производственной санитарии и противопожарной безопасности.

4.2. Основной перечень услуг включает в себя обеспечение трудовыми ресурсами, надзором и организацией для оказания следующих услуг:

1) Надзор/контроль и организация правильного использования и сохранности имущества вахтовых городков и производственных объектов Заказчика с оформлением отчетности в рамках Договора.

2) Надзор/контроль за надлежащей организацией питания и сервисного обслуживания (уборка, стирка, содержание помещений и территории) вахтовых городков и производственных объектов Заказчика с оформлением отчетности в рамках Договора.

4.2.1. Надзор/контроль и организация правильного использования и сохранности имущества вахтовых городков и производственных объектов Заказчика с оформлением отчетности в рамках Договора включает в себя:

•надзор за соблюдением чистоты во всех зданиях вахтовых городков и производственных объектов Заказчика и на прилегающей территории,

•руководство подготовкой служебных, бытовых и жилых помещений Заказчика к осенне-зимней эксплуатации,

•контроль и организация своевременного ремонта интерьера и экстерьера зданий (двери, окна, замки, шторы, мебель, сантехника и т.д.),

•надзор за сохранностью и содержанием в исправном состоянии имущества, находящегося в ведении Коменданта,

•ведение учета наличия имущества, проведение периодического осмотра и подготовку актов на его списание,

•ведение книги записей санитарного и пожарного надзора,

•оформление отчетности в рамках настоящей Технической спецификации (п. 10.3).

4.2.2. Надзор/контроль за надлежащей организацией питания в вахтовых городках Заказчика с оформлением отчетности в рамках Договора включает в себя:

•контроль соблюдения требований технического задания, санитарных требований и правил противопожарной безопасности поставщиком услуг по организации питания в вахтовых городках Заказчика, в соответствие с договорами Заказчика по противопожарной безопасности и организации питания,

•надзор за работой пищевого блока,

•контроль надлежащего обеспечения продуктами питания в соответствие с договором по организации питания,

•контроль надлежащего обеспечения кухонным оборудованием, мебелью и другим специальным инвентарем для пищеблока,

•оформление отчетности в рамках настоящей Технической спецификации (п. 10.3). Надзор /контроль за надлежащей организацией сервисного обслуживания (уборка, стирка, содержание помещений и территории) вахтовых городков и производственных объектов Заказчика с оформлением отчетности в рамках Договора включает в себя:

•контроль соблюдения требований технического задания, санитарных требований и правил противопожарной безопасности поставщиком услуг по сервисному обслуживанию (уборка, стирка, содержание помещений и территории) вахтовых городков и производственных объектов Заказчика, в соответствие с договором Заказчика с указанным выше поставщиком услуг,

•надзор за надлежащей санитарной уборкой помещений и прилегающей территории,

•надзор и руководство работами по содержанию зданий (служебных, бытовых, жилых), а также относящихся к ним строений и прилегающей территории в надлежащем порядке в соответствие с договором Заказчика с поставщиком услуг,

•надзор за надлежащим оказанием прачечных услуг,

•оформление отчетности в рамках настоящей Технической спецификации (п. 10.3).

4.3. Другие требования к услугам Коменданта вахтовых городков Заказчика.

Комендант:

•отвечает за подготовку и представление отчетов и другой информации по вопросам, входящим в его компетенцию;

•соблюдает правила трудового распорядка Заказчика;

•выполняет работы в соответствие с требованиями действующих законодательных и нормативных актов Республики Казахстан по охране труда и окружающей среды, промышленно-санитарной и пожарной безопасности, предупреждение чрезвычайных ситуаций и гражданской обороны; •исполняет иные поручения начальника Административно-хозяйственного отдела и руководства Заказчика, входящие в его компетенцию;

•готовит документы и информацию на запросы государственных учреждений, вышестоящих и других организаций, входящие в его компетенцию;

•отвечает за заблаговременную подготовку и предоставление Заказчику информации на текущий год о потребностях в ТРУ, входящих в его компетенцию, а также по запросу Заказчика – на следующий год.

5. ОХРАНА ЗДОРОВЬЯ, ТРУДА И ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

5.1. Заказчик уделяет особое внимание вопросам соблюдения требований законодательства Республики Казахстан, в том числе норм по охране здоровья, труда и окружающей среды (далее - ОЗТОС): санитарных норм, норм по технике безопасности, охране труда и охране окружающей среды, а также международных норм и правил, применимых, с точки зрения положительной практики разработки месторождений, к рассматриваемому виду деятельности, в качестве дополнения или ввиду отсутствия соответствующих норм и требований в законодательстве Республики Казахстан при планировании и осуществлении производственных задач, в связи, с чем предъявляет ряд требований к привлекаемым исполнителям.

5.2. Исполнитель обязан соблюдать и обеспечивать соблюдение и выполнение всех соответствующих требовании по ОЗТОС при предоставлении услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан и условиями договора.

5.3. Исполнитель назначает ответственное лицо по организации и контролю за ОЗТОС при предоставлении услуг.

5.4. Исполнитель обязуется за собственный счет обеспечить всё необходимое обучение, в том числе в области промышленной безопасности, обучение по ОЗТОС, в соответствии со спецификацией работ для Персонала Исполнителя в рамках договора.

5.5. Исполнитель организует и обеспечивает медицинскую проверку привлекаемого им персонала на предмет соответствия физического и психического здоровья условиям труда, а также получение специализированных санитарных, медицинских и иных разрешений для оказания услуг рамках настоящего договора персоналом Исполнителя, в соответствии с требованиями законодательства РК.

5.6. Исполнитель за свой счет обязуется обеспечить, в случае необходимости, достаточным количеством квалифицированного персонала обученного предоставлению первой медицинской помощи и надлежащими средствами для ее оказания.

5.7. Исполнитель должен за свой счет обеспечить привлекаемый им персонал спецодеждой, специальной обувью и другими необходимыми средствами индивидуальной защиты, согласно применимым требованиям на территории Республики Казахстан.

5.8. Исполнитель обязуется за свой счет организовать и обеспечить привлекаемый им персонал проездом к месту выполнения работ и обратно, а также питанием на весь период выполнения работ. Указанные расходы полностью возлагаются на Исполнителя и не подлежат возмещению Заказчиком.

5.9. Исполнитель должен информировать Заказчика и представлять отчет обо всех случаях производственного травматизма, влекущих потерю трудоспособности персонала Исполнителя, а также прочих инцидентах и происшествиях, произошедших по месту и в момент оказания услуг. Заказчик может потребовать от Исполнителя представления дополнительных разъяснений и принятия мер с целью недопущения повторения подобных случаев.

5.10. Заказчик имеет право на организацию и проведение инспекций в области ОЗТОС по деятельности, осуществляемой Исполнителем в рамках настоящего договора. При возникновении такой потребности Заказчик подготавливает письменное уведомление, в котором кратко излагает причину и предмет такой инспекции, и направляет его Исполнителю за 1 (один) календарный день до запланированной даты инспекции. В случае получения предписаний по деятельности Исполнителя в области ОЗТОС со стороны Заказчика, Исполнитель обязуется надлежащим образом и в срок установленный Заказчиком устранить такие предписания.

6. ДОКУМЕНТАЦИЯ

6.1. Приказ руководителя Исполнителя о назначении ответственного представителя в головном офисе Исполнителя с целью координации работ по Договору, с возможностью выезда на объекты Заказчика по его требованию.

6.2. Приказ руководителя Исполнителя о назначении и должностных обязанностях материально-ответственных лиц, осуществляющих контроль/проверки двух вахтовых городков ЦДНГ № 2 в рамках настоящих Технических условий.

6.3. Лист ознакомления персонала Исполнителя, привлеченного к оказанию услуг по Договору, с действующими Правилами внутреннего распорядка на производственных объектах и жилых комплексах месторождений ТОО «Казахтуркмунай» (приложение № 15 к

Договору) (далее - Правила). Оформляется на оборотной стороне последней страницы Правил: Ф.И.О., функциональные обязанности согласно Договору, подпись, дата ознакомления.

7. ПЕРСОНАЛ ИСПОЛНИТЕЛЯ

7.1.Исполнитель обязан обеспечить постоянное наличие квалифицированного персонала достаточного для качественного, своевременного оказания услуг по Договору.

•Весь персонал, привлеченный к оказанию услуг по Договору, назначается приказом руководителя Исполнителя.

•Требуемое количество персонала Исполнителя ежедневно в ЦДНГ-2: 2 (два) коменданта на 1 (одну) вахту отдельно по месторождениям Ю. Каратобе и Лактыбай.

•Заказчик имеет право: провести собеседование с персоналом, привлекаемым Исполнителем к оказанию услуг по договору, утвердить персонал, привлекаемый Исполнителем к оказанию услуг по договору, или отклонить, в случае несоответствия его требованиям договора.

7.2.По требованию Заказчика Исполнитель обязан заменить любого своего работника, участвующего в оказании Услуг, который: проявил некомпетентность или небрежность при исполнении своих обязанностей, или участвует в деятельности, противоречащей или наносящей вред интересам Заказчика, или не соблюдает требования договора в отношении безопасности охраны труда и окружающей среды. Такой работник рассматривается как непригодный после одного предупреждения, полученного от Заказчика при выполнении работ по оказанию услуг по Договору, на основании соответствующего акта, составленного и подписанного представителями Заказчика. При этом ответственность по незамедлительному вывозу с месторождения освобожденного работника возлагается на Исполнителя.

7.3.В случае заболевания Коменданта, Исполнитель обеспечивает замену на весь период болезни заменяемого работника.

7.4.Правила внутреннего распорядка на производственных объектах и жилых комплексах месторождений ТОО «Казахтуркмунай» должны соблюдаться всеми работниками Исполнителя.

7.5.Не допускать к выполнению услуг работников, находящихся в состоянии алкогольного /наркотического опьянения.

7.6.Алкогольные напитки, наркотические вещества, за исключением зарегистрированных лекарственных средств для оказания первой медицинской помощи, запрещены на местах оказания услуг.

8.МАТЕРИАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКАЯ БАЗА ИСПОЛНИТЕЛЯ

8.1.Исполнитель обязан полностью обеспечить собственный персонал необходимыми материально-техническими средствами для должной организации оказания услуг, описанных в настоящей Технической спецификации: рабочая станция, оргтехника, расходные материалы для оргтехники (картриджы, бумага и др.), канцелярские принадлежности и т.д.

8.2.Рабочая станция должна быть обеспечена монитором, системным блоком, клавиатурой, мышью, сетевым фильтром. В рабочей станции должны быть установлены: сертифицированная в РК операционная система с антивирусной программой.

8.3.Оргтехника Исполнителя – это многофункциональное устройство с поддержкой функций принтера, сканера, копирования.

9.БЕЗОПАСНОСТЬ, МЕДИЦИНСКАЯ ПОМОЩЬ

9.1. Весь персонал Исполнителя, привлеченный к оказанию услуг по Договору обязан до начала мобилизации на места оказания услуг ознакомиться и подписать (Ф.И.О., функциональные обязанности согласно Договору, подпись, дата ознакомления) действующие Правила внутреннего распорядка на производственных объектах и жилых комплексах месторождений ТОО «Казахтуркмунай».

9.2.Проведение инструктажа персонала Исполнителя по Охране труда и технике безопасности согласно Закону Республики Казахстан «О гражданской защите» и обеспечение средствами индивидуальной защиты производится за счет Исполнителя.

9.3.В учениях по пожарной безопасности, эвакуации и других учениях Заказчика должны участвовать также работники Исполнителя, представленные в списке на оказание услуг по настоящему Договору, находящиеся на рабочей вахте, если учения проводятся по месту оказания услуг.

9.4.Обеспечение медицинской помощи и медицинской эвакуации персонала Исполнителя осуществляется за счет Исполнителя.

9.5.Исполнитель обеспечивает организацию трудового режима своего персонала в соответствии с Трудовым законодательством Республики Казахстан.

10.КОНТРОЛЬ КАЧЕСТВА УСЛУГ

10.1.Заказчик вправе в любое время, в том числе без предупреждения Исполнителя, проверять состояние оказания Услуг своими силами или с привлечением третьих лиц, максимально не нарушая режим работы Исполнителя: - ход, качество, сроки оказания Услуг, - квалификацию персонала Исполнителя, - наличие документации, требуемой согласно настоящей Технической спецификации (п. 6, п. 10.3).

10.2.По требованию Заказчика Исполнитель оказывает содействие Заказчику физически и информационно в проведении любой проверки.

10.3.Для контроля качества оказываемых услуг Исполнитель должен обеспечить наличие, подготовку и ведение следующей документации на объектах Заказчика:

№№	**Наименование**	**Периодичность предоставления отчётности**
1	Книга ежедневного санитарного надзора в зданиях вахтовых посёлков Заказчика и на прилегающей территории, согласно утверждённому графику уборки.	ежедневно
2	Книга записей по ежедневному надзору за работой пищевого блока: контроль общего материально-технического и санитарного состояния пищеблока и обслуживающего персонала, контроль соответствия фактического ассортимента блюд утверждённому меню.	ежедневно

3	Журнал учёта водопотребления (водоотведения) в посёлках Заказчика.	ежедневно
4	Документы по учёту наличия имущества по всем помещениям вахтового городка.	1 раз в вахту
5	Акты еженедельного осмотра имущества с рекомендациями по организации своевременного ремонта интерьера и экстерьера зданий (двери, окна, замки, шторы, мебель, сантехника и т.д.)	еженедельно
6	Акты на списание имущества.	по мере необходимости
7	Отчёт о подготовке служебных, бытовых и жилых помещений Заказчика к осенне-зимней эксплуатации.	2 раза в год
8	Суточный отчёт по общему социально-бытовому состоянию вахтовых городков.	Ежедневно

9	Квартальный отчёт о проведенных работах с рекомендациями об улучшении жилищно-бытовой условий работников в вахтовых городках	ежеквартально

10.4.Документация, перечисленная в п. 10.3 настоящей Технической спецификации, должна быть подписана Комендантом и начальником ЦДНГ, и, в случае необходимости, представлена в электронном и бумажном виде начальнику Административно-хозяйственного отдела в требуемые сроки.

10.5.Все письменные жалобы, претензии рассматриваются и решаются в комиссионном порядке, с обязательным участием представителей Заказчика (начальники ЦДНГ и Административно-хозяйственного отдела) и Исполнителя.

10.6.Еженедельные полевые совещания проводятся с участием представителей Заказчика и Исполнителя для обсуждения текущих вопросов.

11.ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ

11.1.Срок оказания услуг – с «01» января 2027 года по «31» декабря 2027 года.

11.2.Доставка собственного персонала Исполнителя услуг, организация социально-бытовых условий (питание, проживание) персонала Исполнителя услуг организуется силами и за счёт Исполнителя услуг.

Подписал Жанғалиев Азат Маратұлы
Дата подписания 17.11.2026